

"Қазақтелеком" ашық акционерлік қоғамының қалааралық, халықаралық байланыс қызметтер көрсетуін ұсынуға және телекоммуникациялар саласына экономикалық талдау жүргізуге айрықша құқығының мерзімінен бұрын күшін жоюға байланысты мәселелерді реттеу бойынша ұсыныстарды әзірлеу жөніндегі ведомствоаралық жұмыс тобын құру туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2003 жылғы 22 тамыздағы N 184-ө өкімі

"Қазақтелеком" ашық акционерлік қоғамының қалааралық, халықаралық байланыс қызметтер көрсетуін ұсынуға және телекоммуникациялар саласына экономикалық талдау жүргізуге айрықша құқығының мерзімінен бұрын күшін жоюға байланысты мәселелерді реттеу бойынша ұсыныстар әзірлеу мақсатында:

1. Ведомствоаралық жұмыс тобы мынадай құрамда құрылсын:

Мыңбаев	- Қазақстан Республикасы
Сауат Мұхаметбайұлы	Премьер-Министрінің орынбасары,
жетекші	

Өтепов	- Қазақстан Республикасы Қаржы
Эдуард Карлұлы	министрлігінің Мемлекеттік мүлік
	және жекешелендіру комитеті
	төрағаның бірінші орынбасары,
жетекшінің орынбасары	

Ильин	- Қазақстан Республикасының Қаржы
Александр Николаевич	министрлігі Салық комитетінің
	ақпараттық технологиялар басқармасы
	бастығының орынбасары, хатшы

Қанешев	- Қазақстан Республикасы
Біржан Бисекенұлы	Ақпараттандыру және байланыс
	жөніндегі агенттігінің төрағасы

Дәрібаев	- Қазақстан Республикасының Табиғи
Мұрат Амангелдіұлы	монополияларды реттеу және
	бәсекелестікті қорғау жөніндегі
	агенттігі көлік және телекоммуникация
	секторларын реттеу жөніндегі
департаментінің директоры	

Шәріпов	- Қазақстан Республикасы Экономика
Талғат Қайыркенұлы	және бюджеттік жоспарлау

министрлігінің Салалық органдардың
шығыстарын жоспарлау департаменті
өнеркәсіп, құрылыс, көлік және
коммуникациялар басқармасының

бастығы

Тінәлин
Қанат Елеубекұлы

- Қазақстан Республикасының Әділет
министрлігі Заңнама департаментінің
заңға тәуелді кесімдерді сараптау
басқармасы өндірістік саланың заңға
тәуелді кесімдерін сараптау

бөлімінің бас маманы

Наурызоз
Ілияс Зәкірұлы

- Қазақстан Республикасының Ұлттық
қауіпсіздік комитеті Үкіметтік
байланысты қамтамасыз ету
орталығының басқарма бастығы

(келісім бойынша)

Жолдасбаев
Сансызбай Елеусізұлы

- Қазақстан Республикасының
Статистика жөніндегі агенттігі

төрағасының орынбасары.

2. Ведомствоаралық жұмыс тобы үш ай мерзімде Қазақстан Республикасының
Үкіметіне "Қазақтелеком" ашық акционерлік қоғамының қалааралық, халықаралық
байланыс қызметтер көрсетуін ұсынуға және телекоммуникациялар саласына
экономикалық талдау жүргізуге айрықша құқығының мерзімінен бұрын күшін жоюға
байланысты мәселелерді реттеу жөнінде ұсыныстар енгізсін.

3. Осы өкімнің орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің Кеңсесіне жүктелсін.

Премьер-Министр